**"2014 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Сарысу ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 10 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 маусымдағы № 156 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 тамызда № 2301 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген «Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне» сәйкес Сарысу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «2014 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Сарысу ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 10 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2126 болып тіркелген, 2014 жылғы 19 наурыздағы № 29-30 аудандық «Сарысу» газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныстың:

«Қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері» бағанасындағы «35 000» деген сандар «50 000» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Аукенов Қайрат Қостанайұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 шілдесінен туындайтын қатынастарға таралады.

*Аудан әкімі Қ. Мәдібек*

Сарысу ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 маусымдағы № 156 «2014 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Сарысу ауданы әкімдігінің 2014 жылғы

28 қаңтардағы № 10 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулысына келісім парағы
«КЕЛІСІЛДІ»:
«Жамбыл облысының Ішкі істер Департаменті Сарысу ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы
Б.Нүркенов
8 шілде 2014 жыл
«Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Жамбыл облысы Жаңатас қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы
Е.Бахтияров
8 шілде 2014 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК